

«Белқопа жалпы орта білім беретін мектебі» КММ  
«Қамқоршылық кеңес» отырысының  
ХАТТАМАСЫ №2

Өтілген күні: 07.12.23 ж.

Қатысқандар: мектеп директоры: Б.А.Тулеутаев

Қамқоршылық кеңес төрайымы: А.Оразымбетова

Қамқоршылық кеңестің мүшелері:

1. Сағындықов Еламан
2. Оразымбетова Алтын
3. Алманова Сәуле
4. Досмағанбетов Сәкен
5. Бекенова Әсел
6. Махатов Жәнібек
7. Қуанышев Дәуірбек
8. Кубеков Нұрбол

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Сапалы білім беру бойынша І- тоқсан қорытындысы.
2. Жаңа жыл мерекесін ұйымдастыруға көмектесу.
3. Оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету.

Тыңдалды: 1-мәселе

Сапалы білім беру бойынша 2022-2023 оқу жылының І тоқсан қорытындысы туралы мектеп директоры Б.А.Тулеутаев сөз сөйледі:

Мектепте барлығы 82 оқушы.

2 сынып -71,43%

3 сынып -66,67%

4 сынып -81,82%

5 сынып -36,36%

6 сынып -57,14%

7 сынып -50%

8 сынып -45,45%

10 сынып - 100%

11 сынып - 100%

І тоқсан бойынша білім сапасының көрсеткіші 60,61%. Мектепте спорттық секция мен кружоктар жұмыс жасайды, барлық оқушылар 100% қамтылды.

Тыңдалды: 2-мәселе

Кеңес төрайымы: Оразымбетова А сөз алды: Жаңа жылдық мерекесін ұйымдастыруға көмектесу мақсатында Қамқоршылық кеңес мүшелерінің атынан безендіру жұмыстарына атсалысатынымызды айтқым келеді.

Тыңдалды: 4 мәселе

Мектеп әлеуметтік педагогы Сағындықова М.Е сөз сөйледі: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 198 бұйрығына 6–қосымша негізінде «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бойынша биылғы оқу жылында мектебімізде ыстық тамақпен 16 оқушы қамтамасыз етілді. Және де ол оқушылардың негізгі құрамы әлеуметтік жан басына шаққандағы табысы күн көріс деңгейінен төмен, мүмкіндігі

шектеулі, мүгедек, қолайсыз отбасы, жетім, көпбалалы отбасынан шыққан оқушыларды құрайтындығын айтты. Сонымен қатар ыстық тамақтың сапалық құрамын тексеретін бракераждық, мониторингтік комиссия жұмыс жасайды, айына бір рет тексеріс жасайды және бір балаға арналған тамақтың құны-357,14 теңгені құрайды. Асханада мектеп мұғалімдері мен әкімшілік кезекшілік кестесі бекітіліп, сол бойынша кезекшілік жұмыс жасайды.

Шешімі:

1. Мектепте жүргізіліп жатқан оқу- тәрбие жұмыстары жақсы деп бағалансын. Үйірме жұмыстары жандандырылсын.
2. Мектепті жаңа жылдық шыршамен қамтамасыз ету мақсатында демеушілер іздеу кеңес мүшелеріне жүктелсін.
3. Жоғарады көрсетілген тізімге кіретін оқушыларды ыстық тамақпен толық қамтамасыз етуді қадағалансын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:

Хатшы:



А. Оразымбетова

Ә. Е. Бегалина